

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АСУСАЙ» МЕКТЕП-
БАЛАБАҚША КЕШЕНІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМПЛЕКС «ШКОЛА-ДЕТСКИЙ
САД «АСУСАЙ» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ТАРБАГАТАЙСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

04.09.2023 г.
tarb_asusai@mail.ru
Тел.номер 8723-4450-841

ПРИКАЗ

№ 226

Қамқоршылық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидасының 2 тарауының 2 тарауының 5-ші және 6-ші тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қабылданған ұсыныстар негізінде қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімі бойынша төмендегі адамдар құрамы 3 жыл мерзімге бекітілсін.

1) Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Сепбосынова Гулжанар

2) Қамқоршылық кеңесінің мүшелері :

Ляшева Алтынай

Отаршина Роза

Келеңбаева Алия

Шандаяқова Мариям

Кужкаева Карлигаш

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: Бердімұратова Назым

2) Қ Р Білім және Ғылым Министрлігінің 27.07.2007 жылғы №355 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңес жұмысын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сайлаубаеваға тапсырылсын.

Директордың уақытша
міндетін атқарушы :

Оқып таныстым:



(Signature)

А.Ахметова

А.Сайлаубаева

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АСУСАЙ» МЕКТЕП-
БАЛАБАҚША КЕШЕНІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМПЛЕКС «ШКОЛА-ДЕТСКИЙ
САД «АСУСАЙ» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ТАРБАГАТАЙСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

04 09 2023

Tarb_asusai@mail.ru

Тел.номер 8723-4450-841

ПРИКАЗ

№ 227

Кеңес хатшысын
тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Асусай мектеп-балабақша кешені» КММ -де құрылған қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Бердімұратова Назым тағайындалсын.

2. Қамқоршылық кеңестің хатшысы қамқоршылық кеңестің дайындығын өткізілуін материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етіп отырсын.

Директордың уақытша
міндетін атқарушы :



А.Ахметова

А.Ахметова

Оқып таныстым:

Н.Бердімұратова

Н.Бердімұратова

**«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ
«Қамқоршылық кеңесінің» отырысы болып өтті.**

Хаттама №1

Өткізілген күні: 13.10.2023 жыл

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына «Қамқоршылық кеңес» құрамын сайлау, бекіту.
2. «Қамқоршылық кеңес»-інің жұмыс жоспарын құрып, бекіту.
3. «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы.

Тыңдалды:

1. Асусай мектеп-балабақша кешенінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін басшылыққа ала отырып мектебімізде «Қамқоршылық кеңес» құрамы ұсынылды. «Қамқоршылық кеңес» құрамына төмендегідей: Сепбосынова Гулжанар апай ауылымыздың фельдшері қызметін атқарып ауылымыздың әрбір тұрғынының денсаулығы үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан ақ халатты абзал дәрігерімізді қамқоршылық кеңес төрайымына ұсынамын. Кеңестің мүшелері: Ляшева Алтынай апайымыз зейнеткер, ауылымыздың ардақты тұрғыны, Отаршина Роза апай, Келеңбаева Алия, Шандаяқова Мариям, Кужжаева Қарлығаш апай, ал Бердимуратова Назымды кеңестің хатшысы болса деген ұсынысым бар. Келісесіздер ме. Алып қосарларыңыз бар ма?
2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сайлаубаева «Қамқоршылық кеңес»-тің жұмыс жоспары туралы таныстырып өтті. Сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылды. Кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары. /қосымшада/
3. «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары негізінде жүргізілген жұмыстар.
 - «Мектепке жол» акциясы бойынша мектебімізден 3 оқушыға көмек көрсетілді: Мешінханов Айбарға сабаққа киетін туфли, Камелханұлы Данерге спорттық аяқ киім, Умирбекқызы Наргизге спорттық сумка берілді. Сонымен қатар кәсіподақ мүшелері және көпбалалы отбасынан шыққан балаларды Зайсан қаласының көрікті жерлерін тамашалауға Мұратханова Айару бір күндік демалысқа барып қайтты.
 - «Қамқорлық» акциясы барысында мектебіміздің жанында жұмыс жасап тұрған шағын орталық тәрбиешісі Манасбаева Жанна Мешінханұлы Исламға 10000 тг ақшалай көмек көрсетті.
 - 2023-2024 оқу жылына көп балалы отбасының білім алушыларын оқу формасымен қамтамасыз ету мақсатында бір оқушыға 40000 тг көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Осы аталған көмекті біздің мектеп бойынша көпбалалы 17 отбасынан шыққан 40 оқушымыз қамтылып толық оқу формасымен қамтамасыз етілді.
 - Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Шырайлы Шығыс» демалыс лагеріне көп балалы отбасынан шыққан және АСП алатын отбасы балалары қамтылды. Осы демалыс лагеріне біздің мектеп бойынша 2 семья АСП алады олар Өмірзақов Жансерік, Найманов Кемелхан. Осы отбасынан Камелханұлы Данер, көп балалы отбасынан Ташкенов Нұрасыл 10 күнге барып демалып қайтты.
 - Енді аудан әкімінің шыршасына біздің мектепке 3 квота берілді. Ол жерде АСП алатын, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары және оқуда озат, олимпиада жүлдегерлері қамтылып отыр. Осы квота бойынша біз Мешінханұлы Исламды, Камелханұлы Бақнұрды, Умирбекқызы Наргизді ұсынып отырмыз. Бізде Бақнұр тарих пәні бойынша Менің ауылым макеттерінің байқауының аудандық кезеңіне қатысып өте жақсы көрсеткіш көрсетіп ол жерде бірінші тур тарих пәні бойынша тест сұрақтары,

екінші бөлім өзі жасаған макетті қорғау бойынша жеңімпаз атанып, облыстық кезеңіне жолдама алып облысқа барып өз жұмысын қорғап ол жерде де өте жоғары нәтиже көрсетіп қайтты. Ал 5 сынып оқушысы Наргиз былтырғы оқу жылында бастауыш сыныптар арасында қазақ тілі пәні бойынша аудандық олимпиадаға қатысып жеңімпаз атанып, облыстық кезеңіне жолдама алып, қатысып сертификатпен марапатталды. ал 11 сынып оқушысы Мешінханұлы Ислам биология пәнінен аудандық олимпиадаға белсене қатысып соңғы 2,3 жыл қатарынан жүлделі 2,3 орынды иеленіп жүрген жеңімпаз оқушымыз. Осы 3 оқушыны мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып ұсынып отырмыз.

4. Енді осы қамқоршылық кеңес мүшелері мектебімізде ұйымдастырылатын барлық шараларға белсене араласып өз ой пікірлеріңізбен бөлісіп ұсыныстарыңызды білдіріп, үнемі белсенділікпен араласуларыңыз сұралады. / оқушылардың сабаққа қатысуы, бракераждық комиссия бірлесе отырып мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу, мектеп директорын сайлау, ыстық тамақпен қатмасыз етілетін оқушыларды да сіздер кеңес отырысында талқылап, өз ұсыныстарыңызды білдіруге толық құқықтарыңыз бар/ биылғы оқу жылында әлеуметтік жағынан аз қатмылған Мешінханұлы Ислам және Қайырғазы Ермұхамет ыстық тамақ ішетін оқушылар тізіміне қосылған болатын. Алайда ауыл әкімшілігіне барған кезде тізімді бекітуге Мешінхан аға атында шаруа қожалығы бар деп және Бақытбек ағада да малы бар ол отбасылар аз қамтылған отбасы санатына жатпайтынын айтты. Бірақ осы балаларды осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып ыстық тамақ ішуге шешім шығару құқықтарыңыз бар. Осы мәселе бойынша өз ойларыңызда айтып өтсеңіздер. Егер жоқ келіспейміз деген ойларыңыз айтып шешім шығарып алсақ осы жерде.

Жарыс сөз:

Г.Сепбосынова – мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамымен таныстық. Алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасаймыз деген ойдамыз. Маған сенім артып кеңес төрайымы қызметіне ұсынған ұсыныстарыңызға ризамын, қарсылығым жоқ. Осы ауылымызға қызмет етуге әрқашан дайынмын. Сенімдеріңізді ақтаймын деген ойдамын.

Қ.Кужеева – қамқоршылық кеңес мүшелеріне еш қарсылығым жоқ. Бірлесе отырып бірге жұмыс жасаймыз деген сенімдемін. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен де таныстық. Жоспар бойынша жұмыстар атқаруға дайынбыз.

А.Ляшева – мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамымен таныстық, толықтай келісемін. Жұмыс жоспарымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері, ерекшеліктері туралы да түсінік жұмыстары жүргізілді. Кеңес мүшелері барлығымыз бірлесе отырып жұмыс атқарамыз деген сенімдемін.

А.Келенбаева – қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен және қамқоршылық кеңестің міндеттері туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Кеңес құрамымен таныстық, еш қарсылығым жоқ, келісемін. Алдағы уақытта қамқоршылық кеңес жұмысын жандандыру мақсатында бірлесе жұмыс атқарамыз деп ойлаймын.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылында қамқоршылық кеңес төрайымы болып кеңес мүшелерінің дауыс беруі арқылы Г.Сепбосынова сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңес жоспары бірауыздан бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңес отырысы әр тоқсанда бір рет ұйымдастырылып, өткізілу тәртібі қатаң сақталынсын.
4. ҚР заңнамалық тұрғыда сақталып кеңестің дұрыс шешім шығаруына кеңестің әрбір мүшесінен жауапкершілікпен қарау сұралсын.
5. Осы қаулының орындалуына бақылау, басшылық жасау кеңес төрайымы Г.Сепбосыновадан сұралсын.

**«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ
«Қамқоршылық кеңесінің» кезектен тыс отырысы.**

Хаттама №2

Өткізілген күні: 28.11.2023 жыл

Қатысқандар: 7

Жиналыс төрайымы: Г.Сепбосынова

Жиналыс хатшысы: Н.Бердимуратова

Күн тәртібі:

1. Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасының 27 қараша 2023 жылғы № 6737 қатынас қағазы негізінде бос тұрған «Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ –нің басшысы лауазымына үміткер тандау.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бос тұрған Асусай мектеп-балабақша кешені КММ-нің басшысы лауазымына үміткер А.Ахметованың кандидатурасымен қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Сепбосынова таныстырып, сөз кезегін үміткерге берді.

Өз кезегінде үміткер Асем Қанатқызы өзінің 2023-2028 жылдарға арналған мектептің даму жоспарымен, алдыға қойған мақсаттарымен таныстырды.

Жарыс сөз:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Отаршина Роза – қамқоршылық кеңестің мүшесі ретінде Асем Қанатқызының кандидатурасына қарсы емеспін, қолдаймын. Ибалы да инабатты, өте салмақты, осы мектептің үлгілі ұстазы. Оқушылармен қарым-қатынасы жақсы. Осы мектепті ары қарай да жақсы дамытады деген сенімдемін. Жұмысына сәттілік тілеймін.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Бердимуратова Назым – Асем Қанатқызының директорлық қызметке кандидатурасына қарсы емеспін, қолдаймын. Асем Қанатқызы тәрбиелі, инабатты, білімді ұстаз. Оқушыларға жақсы тәрбие мен білім береді деп сенемін. Ешқандай қарсылығым жоқ. Жұмысыңызға сәттілік тілеймін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Сепбосынова – Асем Қанатқызы көптеген жылдар осы мектепте еңбек етіп келеді. Өте байсалды, сабырлы, инабатты ұстаз. Қаншама шәкірт тәрбиелеп өсірді. Осы тәрбиелеген шәкірттері осы ұстаздық жолды таңдап, еңбек етіп жүр. Өз басым Асем Қанатқызына сенімім мол және барлығымыз қолдап осы мектеп балабақша кешеніміздің басшысы болуына бірауыздан дауыс береміз, сізді осы мекеме басшысы ретінде көреміз. Алдағы уақытта қызметіңізге табыс, жеміс тілейміз. Коллективіңіз мықты болсын. Асусай мектебі жақсы жағынан көріне берсін деп тілеймін.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Шандаяқова Мариям – Асем Қанатқызы кандидатурасын өз басым қолдаймын. Менің өзімнің алты балам бар, барлығы осы мектепті бітіріп шыққан. Балаларыма Асем Қанатқызы сабақ беген, білімді ұстаз, білікті маман. 3 жылдан аса уақыт директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Осы мектеп директоры қызметін ары қарай

жалғастыра отырып, балалардың оқу үлгерімін жақсартарды, мектептің жұмысын алға қарай дамытады деп өзіне сенім білдіреміз. Асем Қанатқызының жұмысына табыс тілеймін.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Келеңбаева Алия –міне осы оқу жылының қыркүйек айынан бері мектеп директорының міндетін уақытша атқарып келеді. Мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары болып 3 жылдан астам уақыт қызмет етуде. Мен Асем Қанатқызының директорлық міндетін ары қарай жақсы атқарады деп ойлаймын, жүз пайыз қолдаймын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Кужжаева Қарлығаш – Мен Асем Қанатқызының кандидатурасын толық қолдаймын. Мектеп ұжымымен қарым қатынасы өте жақсы, қабілеті өте жоғары, білімді ұстаз. Осы өзіміздің ауылымыздың тумасы. Сондықтан Асем Қанатқызының кандидатурасын қолдаймын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ляшева Алтынай – Асем Қанатқызықазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, қызмет көрсетіп келе жатыр. Өте ибалы да инабатты, өте мықты алдыңғы қатардағы ұстаздың бірі. Өзіміздің осы мектебіміздің директоры қызметін атқаруына ешқандай қарсылығымыз жоқ. Директор қызметіне тағайындалсын деп ұсыныс тастаймын. Мен қолдаймын. Ары қарай қызметіне сәттілік тілеймін.

Шешім:

«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ – і «Қамқоршылық кеңесінің» кезектен тыс отырысы «Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ-нің басшысы лауазымына үміткер А.Қ.Ахметованың кандидатурасы лайықты деп танылсын.

Жиналыстың төрайымы:



Г.Сепбосынова

Жиналыстың хатшысы:




Н.Бердимуратова

Кеңес мүшелері:




Қ.Кужжаева



Р.Отаршина



М.Шандаякова



Ә.Келеңбаева



А.Ляшева

«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ 29 қараша күні «Қамқоршылық кеңес» отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына «Қамқоршылық кеңес» құрамын сайлау, бекіту.
2. «Қамқоршылық кеңес»-інің жұмыс жоспарын құрып, бекіту.
3. «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы.
4. «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Зорлық зомбылыққа қарсымыз» дөңгелек стол.
5. Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасының 27 қараша 2023 жылғы № 6737 қатынас қағазы негізінде бос тұрған «Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ –нің басшысы лауазымына үміткер таңдау.
6. Ағымдағы жұмыстар /оқушылардың сабаққа қатысы, бракераждық комиссия бірлесе отырып мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу, /

Асусай мектеп-балабақша кешенінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін басшылыққа ала отырып мектебімізде «Қамқоршылық кеңес» құрамына осы жиналып отырған сіздер ұсынылып, отырсыздар. Кеңес құрамы 7-9 адам болу керек. Бізде әзірше 7 адам отырмыз. Тағы 2 адам кімді ұсынасыздар. Ұсыныстарыңыз болса қарастырып құрамымызды анықтап бекітіп алсақ.

Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын құрып әзірлеп отырмын. Сіздерге ұсынамын алып қосарларыңыз болса өзгерістер енгізіп, осы жоспарымызды бекітіп алсақ деген мақсатта сіздерді бүтін жинап отырмын.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қысқаша тоқталып өтсем:

1. «Қамқоршылық кеңес» құрамына төмендегідей: Сепбосынова Гулжанар апай ауылымыздың фельдшері қызметін атқарып ауылымыздың әрбір тұрғынының денсаулығы үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан ақ халатты абзал дәрігерімізді қамқоршылық кеңес төрайымына ұсынамын. Кеңестің мүшелері: Ляшева Алтынай апайымыз зейнеткер, ауылымыздың ардақты тұрғыны, Отаршина Роза апай, Келеңбаева Алия, Шандаякова Мариям, Кужжаева Қарлығаш апай, ал Бердимуратова Назымды кеңестің хатшысы болса деген ұсынысым бар. Келісесіздер ме. Алып қосарларыңыз бар ма?
2. Кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
3. «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары негізінде жүргізілген жұмыстар.
 - «Мектепке жол» акциясы бойынша мектебімізден 3 оқушыға көмек көрсетілді: Мешінханов Айбарға сабаққа киетін туфли, Камелханұлы Данерге спорттық аяқ киім, Умирбекқызы Наргизге спорттық сумка берілді. Сонымен қатар кәсіподақ мүшелері және көпбалалы отбасынан шыққан балаларды Зайсан қаласының көрікті жерлерін тамашалауға Мұратханова Айару бір күндік демалысқа барып қайтты.
 - «Қамқорлық» акциясы барысында мектебіміздің жанында жұмыс жасап тұрған шағын орталық тәрбиешісі Манасбаева Жанна Мешінханұлы Исламға 10000 тг ақшалай көмек көрсетті.
 - 2023-2024 оқу жылына көп балалы отбасының білім алушыларын оқу формасымен қамтамасыз ету мақсатында бір оқушыға 40000 тг көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Осы аталған көмекті біздің мектеп бойынша көпбалалы 17 отбасынан шыққан 40 оқушымыз қамтылып толық оқу формасымен қамтамасыз етілді.
 - Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Шырайлы Шығыс» демалыс лагеріне көп балалы отбасынан шыққан және АСП алатын отбасы балалары қамтылды. Осы демалыс лагеріне біздің мектеп бойынша 2 семья АСП алады олар Өмірзақов Жансерік,

Найманов Кемелхан. Осы отбасынан Камелханұлы Данер, көп балалы отбасынан Ташкенов Нұрасыл 10 күнге барып демалып қайтты.

- Енді аудан әкімінің шыршасына біздің мектепке 3 квота берілді. Ол жерде АСП алатын, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары және оқуда озат, олимпиада жүлдегерлері қамтылып отыр. Осы квота бойынша біз Мешінханұлы Исламды, Камелханұлы Бақнұрды, Умирбекқызы Наргизді ұсынып отырмыз. Бізде Бақнұр тарих пәні бойынша Менің ауылым макеттерінің байқауының аудандық кезеңіне қатысып өте жақсы көрсеткіш көрсетіп ол жерде бірінші тур тарих пәні бойынша тест сұрақтары, екінші бөлім өзі жасаған макетті қорғау бойынша жеңімпаз атанып, облыстық кезеңіне жолдама алып облысқа барып өз жұмысын қорғап ол жерде де өте жоғары нәтиже көрсетіп қайтты. Ал 5 сынып оқушысы Наргиз былтырғы оқу жылында бастауыш сыныптар арасында қазақ тілі пәні бойынша аудандық олимпиадаға қатысып жеңімпаз атанып, облыстық кезеңіне жолдама алып, қатысып сертификатпен марапатталды. ал 11 сынып оқушысы Мешінханұлы Ислам биология пәнінен аудандық олимпиадаға белсене қатысып соңғы 2,3 жыл қатарынан жүлделі 2,3 орынды иеленіп жүрген жеңімпаз оқушымыз. Осы 3 оқушыны мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып ұсынып отырмыз. Сонымен қатар биылғы оқу жылында облыстық әкім шыршасына біздің мектебімізге 1 квота беріліп отыр. Осы квота берілмеген мектептер де бар. Бұл шыршаға көпбалалы отбасынан шыққан 9-13 жас аралығындағы озат оқушыларды қамтып отыр. Осы шыршаға біз 4 сынып оқушысы Мұратханов Ануарды ұсынып отырмыз. Бұл оқушылардың барлығының оқу үлгерімдерін дәлелдейтін табелдері, мақтау қағаздары бірге АББ жолданады. Осы талаптарға сай келмейтін оқушылар қабылданбайды.
- 4. Қарттар күніне орай аулымыздың қарттарын құрметтеу мақсатында мектебіміздің барлық сыныптары қарттарымызға арнап қабырға газеттерін дайындап, шағын мерекелік концерттерін ұсынып, қарттарымызға мерекелік көңіл күй сыйлады. Мектеп ұстаздары атынан шағын естелік сыйлықтар ұсынылды.
- 5. Енді бүгінгі күн тәртібіндегі ең бір маңызды мәселелеге тоқталып өтсем. Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасының 27 қараша 2023 жылғы № 6737 қатынас қағазы негізінде бос тұрған «Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ –нің басшысы лауазымына үміткер тандау. Осы мәселе бойынша бос тұрған Асусай мектеп-балабақша кешені КММ-нің басшысы лауазымына үміткер А.Ахметованың кандидатурасын ұсына отырып Асем Қанатқызы өзінің 2023-2028 жылдарға арналған мектептің даму жоспарымен, алдыға қойған мақсаттарымен таныстыруын тыңдап алсақ.
- 6. Енді осы қамқоршылық кеңес мүшелері мектебімізде ұйымдастырылатын барлық шараларға белсене араласып өз ой пікірлеріңізбен бөлісіп ұсыныстарыңызды білдіріп, үнемі белсенділікпен араласуларыңыз сұралады. / оқушылардың сабаққа қатысуы, бракераждық комиссия бірлесе отырып мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу, мектеп директорын сайлау, ыстық тамақпен қатмасыз етілетін оқушыларды да сіздер кеңес отырысында талқылап, өз ұсыныстарыңызды білдіруге толық құқықтарыңыз бар/ биылғы оқу жылында әлеуметтік жағынан аз қамтылған Мешінханұлы Ислам және Қайырғазы Ермұхамет ыстық тамақ ішетін оқушылар тізіміне қосылған болатын. Алайда ауыл әкімшілігіне барған кезде тізімді бекітуге Мешінхан аға атында шаруа қожалығы бар деп және Бақытбек ағада да малы бар ол отбасылар аз қамтылған отбасы санатына жатпайтынын айтты. Бірақ осы балаларды осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып ыстық тамақ ішуге шешім шығару құқықтарыңыз бар. Осы мәселе бойынша өз ойларыңызда айтып өтсеңіздер. Егер жоқ келіспейміз деген ойларыңыз айтып шешім шығарып алсақ осы жерде.

Бүгінгі жиналысымызға бір кісідей алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін көп рахмет. Осы құрылған ватсап чатымыз арқылы үнемі хабарласып жаңалықтар болса айтып отырамын. Кері байланыс жасап отырсаңыздар өтініш. Көп мазаларыңызды алмауға тырысамын. Алайда аудан бойынша кеңес жұмысы жүргізілу қажет. Түсіністікпен қараңыздар. Ватсап арқылы да шешілетін мәселелер де болады. Байланыста болсаңыздар.

Бекітемін:

«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ
директорының у.м.а.  А.К. Ахметова



«Асусай» мектеп-балабақша кешені» КММ 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары

Мақсаты: жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізуі үшін жағдай жасау.

<i>р/с</i>	<i>Өткізілетін шара</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Мерзімі</i>
1.	Қамқоршылық кеңесінің іс-шаралар жоспарын және қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.	Қамқоршылық кеңесінің іс-шаралар жоспарын және қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту	Қыркүйек
2.	«Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы есеп тыңдау.	Қайырымдылық акцияларын өткізу арқылы бала мен отбасына көмек беру	Қазан
3.	Қарттар күніне орай ұйымдастырылатын «Біз біргеміз» акциясына қатысу.	Көмектесу жұмыстарын жүргізу	Қазан
4.	Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының кеңесі отырысына қатысу	Жоспарланған іс-шаралардың өтуіне қолдау көрсету	Қараша
5.	ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу.	Мектептің іс-шараларын өткізуіне қолдау көрсету	Желтоқсан
6.	Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуына және өткізілуіне қатысу.	Мерекелік іс – шараның өтуіне қолдау көрсету	Желтоқсан
7.	Оқушылардың сабақтарына қатысу деңгейіне сараптама жүргізу.	Бақылау, анықтау, кеңес беру жұмыстарын жүргізу.	Қазан ақпан
8.	Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу.	Алдын алу жұмыстарын жүргізу арқылы әртүрлі жағдайлардан сақтау	Жылына 2 рет
9.	Мектепішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық жарыстарды ұйымдастыруда көмек көрсету.	Мектептің іс-шараларын өткізуіне қолдау көрсету	Әрдайым, жоспарға сәйкес
10.	Білім алушылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтары орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру.	Білім алушылардың қажеттілігіне қарай көмектесу жұмыстарын жүргізу.	Қараша, сәуір
11.	Жазғы демалыс уақытында әртүрлі санаттағы отбасынан шыққан оқушыларды мектеп жанындағы жазғы лагерьге тарту	Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру	Мамыр
12.	Жылдық атқарыған іс шараларға есеп беру	Жыл көлемінде атқарылған жұмыстарды саралау	Мамыр